

Қазақстан Республикасы Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 19 желтоқсан N 1789. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1996.05.02. N 1789 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі орталық аппаратының құрылымы қосымшаға сәйкес, орталық аппаратының қызметкерлері шекті санының негізінде 63 адам болып бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жаңа технологиялар министрлігіне министрдің 2 орынбасарын, оның ішінде министрдің бір бірінші орынбасарын, сондай-ақ саны 9 адам алқа ұстауына рұқсат берілсін.

3. Қазақстан Республикасы Ғылым және жаңа технологиялар

министрлігінің орталық аппараты үшін 3 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

4. "Қазақстан Республикасы Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 14 қарашадағы N 1265 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1995 жылғы

19 желтоқсандағы

N 1789 қаулысына

Қосымша

Қазақстан Республикасы Ғылым және жаңа технологиялар

министрлігі орталық аппаратының

ҚҰРЫЛЫМЫ

Басшылық

Ғылыми-технологиялық дамуды және ғылыми-техникалық бағдарламаларды болжамдау басқармасы

Ақпараттық инфрақұрылымды дамыту басқармасы

Қаржы-экономика басқармасы

Ғылыми-техникалық сараптама бөлімі

Халықаралық ынтымақтастық бөлімі

Ұйымдастыру және кадр жұмысы басқармасы

Ғылыммині жанындағы орталық атқарушы органдар

Ғылыммині жанындағы Ұлттық аэроғарыш агенттігі

Ғылыммині жанындағы Атом энергиясы жөніндегі агенттік

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК